

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына сақтандыру нарығына қатысушылардың есептілікті ұсынуы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 23 қаңтардағы № 3 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 қаңтарда № 31798 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының және исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 223 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19701 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмелердің 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Нысан Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемелерінің 59, 60, 61, 62, 63, 64 және 65-тармақтарының талаптарына сәйкес толтырылады.";

6-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 275 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19927 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес "кері репо", репо операциялары туралы есептің нысаны;"

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақылары туралы есептің нысаны;"

24) тармақша алып тасталсын;

26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"26) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есептің нысаны;"

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта ай сайын осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ұсынады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

1) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 12), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 22) және 25) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген есептілікке қосымша осы қаулының 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

2) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағы 13) тармақшасында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

3) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағы 26) тармақшасында көзделген есептілікті:

1-кестенің бөлігінде – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2-кестенің бөлігінде – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей;

4) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағы 23), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 35), 36) және 37) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

5) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағы 38), 39) және 40) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті жылдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

6) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағы 41) тармақшасында көзделген есептілікті қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 120 (бір жүз жиырма) күн ішінде ұсынады .";

1-қосымшада:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) "кері репо", репо операциялары туралы есеп;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақылары туралы есеп;"

23) тармақша алып тасталсын;

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"25) баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп;"

2-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмедегі 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. 5 және 6-бағандарда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына сәйкес рейтингтік агенттіктің рейтингі мен атауы көрсетіледі. Рейтингтік агенттік болмаған кезде 5 және 6-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі.";

3-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

6-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) 10 және 12-бағандарда валюталардың кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;"

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) 22, 23, 24 және 25-бағандарды толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына (бұдан әрі – № 385 қаулы) сәйкес облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, рейтингтік агенттіктердің бірі берген мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша елдің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 22, 23, 24 және 25-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Осы бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды;"

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) 8 және 9-бағандарда валюталардың кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;"

8-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) 6-бағанда валюталардың кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;"

5-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

5-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) 11 және 14-бағандарда валюталардың кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;"

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) 9-бағанда валюталардың кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;"

8-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. 8-бағанда валюталардың кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі. Облигациялар бойынша шығарылым валютасы, акциялар бойынша сатып алу валютасы көрсетіледі.";

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. 26 және 27-бағандарда Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі, оған қойылатын талаптар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15175 болып тіркелген, "Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 54 қаулысымен бекітілген Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарда белгіленген. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 26 және 27-бағандарда "листингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

13. 28, 29, 30 және 31-бағандарды толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген, "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына сәйкес рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 28, 29, 30 және 31-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.";

9-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

14-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

18-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

19-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

20-қосымша осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

21-қосымша осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

22-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. 4-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген, "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына сәйкес рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 4-бағанда " рейтингі жоқ" деп көрсетіледі.

8. 11-бағанда валюталардың кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.";

13, 14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. 14-бағанның "Резиденттердің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары" жолы бойынша Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы осы қаулының 16-қосымшасындағы Сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақысы кестесінің 15-бағанындағы жиынтық сомаға сәйкес келеді.

14. 14-бағанның "Бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары" жолы бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы осы қаулының 16-қосымшасындағы Сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақысы кестесінің 16-бағанындағы жиынтық сомаға сәйкес келеді.

15. 14-бағандағы қайта сақтандыру ұйымына берілген сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасы осы қаулының 16-қосымшасындағы Сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақысы кестесінің 14-бағанындағы жиынтық сомаға сәйкес келеді.";

23-қосымша осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

26-қосымша осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

28-қосымша осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

29-қосымша осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

30-қосымша осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

38-қосымшадағы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмелердің 8 -тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. 3-бағандағы сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сомасы осы қаулының 16-қосымшасындағы Сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақысы кестесінің 20-бағанында көрсетілген сақтандыру шарттарын бұзуға байланысты шығысты шегергенде, осы қаулының 16-қосымшасындағы Сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақысы кестесінің 4-бағанында көрсетілген сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасына сәйкес келеді.";

39-қосымша осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

44-қосымша осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Ұлттық  
Банкінің Төрағасы*

*Г. Пирматов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі

Қазақстан Ұлттық Банкінің  
Төрағасы  
2023 жылғы 23 қаңтардағы  
№ 3  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 2-PN\_M

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

1-кесте. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы мәліметтер

№	Нормативтің атауы	Көрсеткіштің мәні
1	2	3
1	Төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі (1.1/1.2)	
1.1	Нақты төлем қабілеттілігінің маржасы (1.3 + 1.4 немесе 1.8 ең төмен шама) (мың теңгемен)	
1.2	Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("400") (мың теңгемен)	
1.3	Нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеудің аралық қорытындысы ("100") (мың теңгемен)	
1.4	Нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеуге енгізілетін сома ("200") (мың теңгемен)	
1.5	Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, активтердің жиынтығы ("12000") (мың теңгемен)	
1.6	Қайта сақтандырушының үлесін шегергенде сақтандыру резервтері ("13000") (мың теңгемен)	



1.7	Сақтандыру резервтерінің сомасын қоспағанда, міндеттемелер ("14000") (мың теңгемен)	
1.8	Активтердің сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып есептелген төлем қабілеттілігінің нақты маржасы (1.5 - 1.6 - 1.7) (мың теңгемен)	
2	<p>Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген " Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен (бұдан әрі – Нормативтер) белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндері және оларды есептеу әдістемелерінің 42-</p>	

тармағы 1) тармақшасының талаптарына және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерге сәйкес келетін бағалы қағаздарға инвестициялардың ("кері репо" операцияларын ескере отырып), бір екінші деңгейдегі банктегі және осы банктің үлестес тұлғаларындағы, Қазақстанның Даму Банкіндегі салымдар мен ақшаның жиынтық баланстық құны:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18290 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 13 қаулысымен бекітілген Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптар) сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 30 (отыз) пайыздан аспайды;  
2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 20 (жиырма) пайыздан аспайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу Нормативтердің 42-тармағы 2) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін бағалы қағаздарға ("кері репо" операцияларын ескере отырып) инвестициялардың, бір екінші деңгейдегі банктегі және осы банктің үлестес

3	<p>тұлғаларындағы салымдар мен ақшаның жиынтық баланстық құны:</p> <p>2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 20 (жиырма) пайыздан аспайды.</p> <p>2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 15 (он бес) пайыздан аспайды.</p>	
4	<p>Нормативтердің 42-тармағы 3) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін бағалы қағаздарға инвестициялардың ("кері репо" операцияларын ескере отырып), екінші деңгейдегі бір банктегі және осы банктің үлестес тұлғаларындағы салымдар мен ақшаның жиынтық баланстық құны:</p> <p>2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 20 (жиырма) пайыздан аспайды;</p> <p>2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.</p>	
	<p>Қазақстанның Даму Банкін қоспағанда, екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын бір заңды тұлғада және осы заңды</p>	

5	<p>тұлғаның үлестес тұлғаларына бағалы қағаздарға инвестициялардың ("кері репо" операцияларын ескере отырып) жиынтық баланстық құны және ақша:</p> <p>2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 20 (жиырма) пайыздан аспайды;</p> <p>2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.</p>	
6	<p>Аффинирленген бағалы металдар мен металл шоттарға жиынтық орналастыру – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.</p>	
7	<p>Қызметін "өмірді сақтандыру" саласында жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтанушыларына берілген қарыздардың жиынтық мөлшері – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.</p>	
	<p>Шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға инвестициялардың жиынтық баланстық құны ("кері репо" операцияларды ескере отырып) –</p>	

8	<p>Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.</p>	
9	<p>Нормативтердің 39-тармағында тізбесі айқындалған халықаралық қаржы ұйымының бағалы қағаздарына инвестициялардың ("кері репо" операцияларды ескере отырып) жиынтық баланстық құны:</p> <p>2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 20 (жиырма) пайыздан аспайды;</p> <p>2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.</p>	
10	<p>Нормативтердің 38-тармағы 23) және 24) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін пайларға инвестициялардың жиынтық баланстық құны – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.</p>	
11	<p>Құнсыздануға арналған резервті шегергенде, ашық және интервалды инвестициялық пай қорларының пайларына инвестициялардың жиынтық баланстық құны – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға,</p>	

	есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.	
12	Құнсыздануға арналған резервті шегергендегі негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиынтық баланстық құны – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.	
13	Нормативтердің 38-тармағы 25) және 26) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін исламдық қаржыландыру құралдарына инвестициялардың жиынтық баланстық құны – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайды.	
14	Өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін орындау туралы ақпарат ("иә" немесе "жоқ" )	

2-кесте. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерін ұлғайту сомасы

(мың теңгемен)

Қайта сақтандыру ұйымының атауы	Халықаралық немесе ұлттық шкаласы бойынша қ а й т а сақтандырушының рейтингтік бағасы ( төлем қабілеттілігі	Қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыруға берілетін (берілген)	Қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыруға берілетін (берілген)	Төлем қабілеттілігі маржасының ең

	маржасының жеткіліктілігі нормативі)	сақтандыру сыйлықақыларының сомасы, барлығы (мың теңге)	сақтандыру сыйлықақылары сомасынан пайыз	төмен мөлшерінің ұлғаю сомасы (3-баған x 4-баған)
1	2	3	4	5
"Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 3 аңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – ЕАЭО туралы шарт) қатысушы елдердің қайта сақтандырушыларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-қайта сақтандырушылармен жасалған қайта сақтандыру шарттары				
1-топ	"AA-" немесе жоғары		0%	
2-топ	"A+"-пен "A-" аралығы		0%	
3-топ	"BBB+" пен "BBB-" аралығы		0,2%	
4-топ	"BB+"-пен "BB-" аралығы		0,75%	
5-топ	"B+"-пен "B-" аралығы		3,8%	
6-топ	"B"-тен төмен немесе жоқ		22%	
Қазақстан Республикасының резиденттері - қайта сақтандырушылармен жасалған қайта сақтандыру шарттары				
7-топ	"B"-дан немесе "kzBB"-дан төмен емес		0%	
8-топ	"B-", "kzBB-", "kzB+"		0,2%	
9-топ	> 1,75		0,05%	
10-топ	> 1,5		0,1%	
11-топ	> 1,25		0,2%	
12-топ	> 1,1		0,5%	
13-топ	≥ 1,0		3,8%	
14-топ	< 1,0		5%	
Астана халықаралық қаржы орталығының қатысушылары резидент-қайта сақтандырушылармен жасалған қайта сақтандыру шарттары				
ЕАЭО туралы шартқа қатысушы елдердің қайта сақтандырушыларымен жасалған қайта сақтандыру шарттары				
15-топ	"BBB+"-пен "BBB-" аралығы		0%	
16-топ	"BB+"-пен "BB-" аралығы		0,2%	
17-топ	"B+"-пен "B-" аралығы		0,5%	

18-топ	"В"-тен төмен немесе жоқ		22%	
Жиынтығы:	xxx		xxx	

3-кесте. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және қайта сақтандыруды қызметінің ерекше түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымы үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу

(мың теңгемен)

Көрсеткіш атауы	Жол коды	Сомасы
1	2	3
"Сыйлықақылар әдісін" пайдалана отырып төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу		
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары, барлығы (Нормативтердің 12-тармағының 1), 2) және 3) тармақшыларына сәйкес)	1110	
Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу шығыстарының сомасы	1120	
Алдыңғы қаржы жылындағы корпоративтік табыс салығының сомасы	1130	
Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған түзетілген сақтандыру сыйлықақылары ("1110" – "1120" – "1130")	1100	
Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары, барлығы (Нормативтердің 12- тармағының 1), 2), 3) тармақшаларына сәйкес)	1210	
Алдыңғы қаржы жылындағы түзетілген жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары ("1210" – "1120" – "1130")	1200	
Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақылары немесе одан әрі есептеуге арналған жиынтық еңбек сіңірілген сыйлықақылар (егер "1100" ≥ "1200" болса, онда "1100"; егер "1100" < "1200" болса, онда "1200")	1010	
А аралық қорытындысы: (егер "1010" > 3 500 000 болса, онда $(3\ 500\ 000 \times 0,18 + ("1010" - 3\ 500\ 000) \times 0,16)$ ; "1010" < 3 500 000 болса, онда "1010" x 0,18)	1020	
Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген, сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері ("1311" + "1312" + "1313")	1310	



Алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген, сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері	1311	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылдағы, қаржы жылының соңына есептелген, сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері	1312	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылдағы, қаржы жылының соңына есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері	1313	
Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("1321" + "1322" + "1323")	1320	
Алдыңғы қаржы жылында есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	1321	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылдағы, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	1322	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылдағы, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	1323	
Түзету коэффициенті (егер "1310" / "1320" > 0,5 болса, онда "1310" / "1320"; егер "1310" / "1320" ≤ 0,5 болса, онда 0,5)	1300	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("сыйлықақылар әдісімен") ("1020" x "1300")	1000	
<b>"Төлемдер әдісін" пайдалана отырып төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу</b>		
Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген (Нормативтердің 13-тармағы 2) тармақшасының талаптарын ескере отырып ("2111" + "2112" + "2113")	2110	
алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген	2111	
алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2112	
алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2113	
"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (		

Жиынтық сақтандыру төлемдері	бұдан әрі – Заң) 6-бабы 3-тармағының 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру (қайта) ұйымдары үшін алдыңғы 7 (жеті) қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("2121" +... + "2127"):	2120	
	алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген	2121	
	алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2122	
	алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2123	
	алдыңғы қаржы жылының алдындағы 3 (үш) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2124	
	алдыңғы қаржы жылының алдындағы 4 (төрт) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2125	
	алдыңғы қаржы жылының алдындағы 5 (бес) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2126	
	алдыңғы қаржы жылының алдындағы 6 (алты) жылдағы, жылдың соңына есептелген	2127	
Алдыңғы қаржы жылының соңындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасы	2210		
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылдағы, қаржы жылының соңындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасы	2310		
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 6 (алты) жылдағы, қаржы жылының соңындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасы ( Заңның 6-бабы 3-тармағының 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген тәуекелдерді	2320		

сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін)		
Одан әрі есептеуге арналған жиынтық сақтандыру төлемдері ( $1/3 \times ("2110" + "2210" - "2310")$ )	2030	
Заңның 6-бабы 3-тармағының 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін одан әрі есептеуге арналған жиынтық сақтандыру төлемдері ( $1/7 \times ("2120" + "2210" - "2320")$ )	2031	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("төлемдер әдісімен"): (егер $"2030" > 2\,500\,000$ , онда $((2\,500\,000 \times 0,26 + ("2030" - 2\,500\,000) \times 0,23) \times "1300")$ ; егер $"2030" < 2\,500\,000$ болса, онда $"2030" \times 0,26 \times "1300"$ )	2000	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері		
Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("1000" немесе "2000", ең жоғары шама)	3000	
Нормативтердің 14-тармағында көрсетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ең төменгі төлем қабілеттілігі маржасын ұлғайту сомасы	3010	
Есепті кезеңдегі төлем қабілеттілігі маржасының түзетілген ең төмен мөлшері (" $3000" + "3010"$ )	3100	
Алдыңғы қаржы жылындағы төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері	4100	
Алдыңғы қаржы жылының соңындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві қайта сақтандырушының үлесін шегергенде	4010	
Алдыңғы қаржы жылының басындағы мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві қайта сақтандырушының үлесін шегергенде	4020	
Алдыңғы қаржы жылындағы резерв коэффициентіне түзетілген төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері (егер $"4010" / "4020" \geq 1$ , онда "4100", егер $"4010" / "4020" < 1$ , онда $"4100" \times ("4010" / "4020")$ )	4000	
Есептелген төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері (егер $"4000" \leq "3100"$ , онда "3100", егер $"4000" > "3100"$ , онда "4000")	5000	
Кепілдік беру қорының ең аз мөлшері	6000	
Есептелген төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері (5000 + осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептің 2-кестесіне сәйкес есептелген, қайта сақтандыруға берілетін (берілген) сақтандыру сыйлықақылары сомасының бір бөлігі)	7000	
Кепілдік беру қорының ең төмен мөлшері (" $6000" +$ осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының		

пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептің 2-кестесіне сәйкес есептелген, қайта сақтандыруға берілетін (берілген) сақтандыру сыйлықақылары сомасының бір бөлігі)	8000	
Есепті кезеңдегі төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("7000" немесе "8000", ең жоғары шама)	9000	
"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеу		
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін төленген жарғылық капитал	111	
Артықшылықты акциялар	112	
Өткен және ағымдағы жылғы бөлінбеген кіріс	113	
Резервтік капитал, Күтпеген тәуекелдер резерві және Тұрақтандыру резерві	114	
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызметінің мақсаттары үшін сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағанда материалдық емес активтер	115	
Алдыңғы жылдардың жабылмаған шығыны	116	
Есепті кезеңнің жабылмаған шығыны	117	
Басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына инвестициялар	118	
Заңның 32-бабына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымдары не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар тұлға болып табылатын тұлғаларға берілген реттелген қарыздар	119	
А аралық жиынтығы ("111" – "112" + "113" + "114" – "115" – "116" – "117" – "118" – "119")	100	
Белгіленген өтеу мерзімі бар реттелген борыш	201	
Белгіленген өтеу мерзімі жоқ реттелген борыш	202	
Артықшылық берілген акциялар	203	
Б аралық жиынтығы ("201" + "202" + "203")	211	
Нақты төлем қабілеттілігі маржасының есебіне енгізілетін сома: егер "211" > 0,5 x ("100" немесе "400", ең төменгі шама), онда 0,5 x ("100" немесе "400", ең төменгі шама); егер "211" ≤ 0,5 x ("100" немесе "400", ең төменгі шама), онда "211"	200	
Төлем қабілеттілігінің нақты маржасы ("100" + "200" немесе "15000", ең төменгі шама)	300	
Төлем қабілеттілігін маржасының ең төмен мөлшері ("9000")	400	
Нақты төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативі ("300" / "400")	500	

4-кесте. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу  
(мың теңгемен)

Көрсеткіш атауы	Жол коды	Сомасы
1	2	3
"Өмірді сақтандыру" және "аннуитеттік сақтандыру", "мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде өмірді сақтандыру", "зейнетақы аннуитетін сақтандыру" сыныптары үшін		
Қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары		
Тәуекелді капитал теріс мәнді болып табылмайтын қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары (3 (үш) жылға дейінгі мерзіммен) бойынша жиынтық тәуекелді капитал ("1113" – "1111")	1110	
Қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1111	
Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі	1112	
Қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы	1113	
Қайта сақтандырушының сақтандыру сомасындағы үлесі	1114	
Тәуекелді капитал теріс мәнді болып табылмайтын қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары (3 (үш) жылдан бастап 5 (бес) жылға дейінгі мерзіммен) бойынша жиынтық тәуекелді капитал ("1123" – "1121")	1120	
Қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1121	
Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі	1122	
Қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы	1123	
Сақтандыру сомасындағы қайта сақтандырушының үлесі	1124	
Тәуекелді капитал теріс мәнді болып табылмайтын қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандырудың қалған шарттары бойынша жиынтық тәуекелді капитал ("1133" – "1131")	1130	

Қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1131	
Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі	1132	
Қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы	1133	
Сақтандыру сомасындағы қайта сақтандырушының үлесі	1134	
Алдыңғы қаржы жылында жасалған қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары бойынша тәуекелді капитал ("1110" + "1120" + "1130")	1140	
Алдыңғы қаржы жылында жасалған қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының үлесі шегерілген тәуекелді капитал ("1140" + "1112" – "1114" + "1122" – "1124" + "1132" – "1134")	1150	
Түзету коэффициенті (егер "1150" / "1140" > 0,5, онда "1150" / "1140" ; егер "1150" / "1140" ≤ 0,5, онда 0,5)	1160	
Қайтыс болу жағдайына өмірді сақтандыру шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("1110" x 0,001 + "1120" x 0,0015 + "1130" x 0,003) x "1160")	1170	
Басқа да өмірді сақтандыру шарттары		
Зейнетақы аннуитетінің шарттары бойынша алдыңғы қаржы жылының соңына қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1210	
Өзге сақтандыру шарттары бойынша алдыңғы қаржы жылының соңына қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1211	
Есептеу үшін қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы: ("1210" x Нормативтердің 21-тармағында белгіленген пайыздың тиісті мөлшері + "1211" x 0,04)	1220	
Алдыңғы қаржы жылының соңындағы сақтандыру резервтеріндегі қайта		

сақтандырушының үлесі шегеріле отырып қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1230	
Түзету коэффициенті (егер "1230" / ("1210" + "1211") > 0,85, онда "1230" / ("1210" + "1211"), егер "1230" / ("1210" + "1211") ≤ 0,85, онда 0,85)	1240	
Басқа да өмірді сақтандыру шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("1220" x "1240")	1200	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("1170" + "1200" )	1000	
"Жазатайым жағдайлардан сақтандыру", "ауырған жағдайдан сақтандыру" және "қызметкер еңбек ( қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру" сыныптары үшін		
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары, барлығы ( Нормативтердің 23-тармағы екінші бөлігінің талаптарын ескере отырып)	3110	
Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу шығыстар сомасы	3120	
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру сыйлықақыларына салық салу сомасы	3130	
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған, түзетілген сақтандыру сыйлықақылары ("3110" – "3120" – "3130")	3140	
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары, барлығы	3150	
Алдыңғы қаржы жылында түзетілген жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары ("3150" – "3120" – "3130")	3160	
Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша		

қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақылары немесе одан әрі есептеуге арналған жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары (егер "3140" $\geq$ "3160", онда "3140"; егер "3140" $<$ "3160", онда "3160")	3100	
А аралық жиынтығы: (егер "3100" $>$ 3 500 000, онда $(3\ 500\ 000 \times 0,18 + ("3100" - 3\ 500\ 000) \times 0,16)$ ; егер "3100" $<$ 3 500 000, онда "3100" $\times$ 0,18)	3200	
Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылында есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері ("3311" + "3312" + "3313")	3310	
Алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері	3311	
Сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып, қаржы жылының соңына есептелген, алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жыл үшін жиынтық сақтандыру төлемдері	3312	
Сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып, қаржы жылының соңына есептелген, алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жыл үшін жиынтық сақтандыру төлемдері	3313	
Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("3321" + "3322" + "3323")	3320	
Алдыңғы қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	3321	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылға, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	3322	



Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылға, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	3323	
Түзету коэффициенті (егер "3310" / "3320" > 0,5 болса, онда "3310" / "3320"; егер "3310" / "3320" ≤ 0,5 болса, онда 0,5)	3300	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("сыйлықақылар әдісімен") ("3200" x "3300")	3400	
Алдыңғы 3 (үш) қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("3511" + "3512" + "3513"):	3510	
алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген	3511	
алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 (бір) жылға, жылдың соңына есептелген	3512	
алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылға, жылдың соңына есептелген	3513	
Алдыңғы қаржы жылының соңына мәлімделген, бірақ реттелмеген резерв сомасы	3520	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 (екі) жылға, жылдың соңына мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві сомасы	3530	
Одан әрі есептеуге арналған жиынтық сақтандыру төлемдері ( $1/3 \times ("3510" + "3520" - "3530")$ )	3500	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("төлемдер әдісімен"): (егер "3500" > 2 500 000, онда $((2\ 500\ 000 \times 0,26 + ("3500" - 2\ 500\ 000) \times 0,23) \times "3300")$ ; егер "3500" < 2 500 000, онда "3500" x 0,26 x "3300")	3600	
Есепті кезеңдегі төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("3400" немесе "3600", ең жоғары шама)	3000	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері		
Есепті кезеңдегі төлем қабілеттілігі маржасының ең	4000	

төмен мөлшері ("1000" + "2000" + "3000")		
Кепілдік беру қорының ең төмен мөлшері	5000	
Сақтанушылардан инвестициялау мақсаттары үшін алынған сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) бөлігі есебінен құрылған (қалыптастырылған) активтердің және сақтанушының инвестицияларға қатысу талаптарын көздейтін сақтандыру шарттары бойынша оларды инвестициялаудан алынған кірістердің (залалдардың) ағымдағы құны x 0,01	4100	
Төлем қабілеттілігі маржасының есептелген ең төмен мөлшері (4000 + осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептің 2-кестесіне сәйкес есептелген, қайта сақтандыруға берілетін (берілген) сақтандыру сыйлықақылары сомасының бір бөлігі + 4100)	6000	
200 000 (екі жүз мың) айлық есептік көрсеткіш – "өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар және инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бөлігі есебінен қалыптастырылған активтерді және сақтанушының инвестицияларға қатысу шартын көздейтін сақтандыру шарттары бойынша оларды инвестициялаудан алынған кірістерді (залалдарды) дербес басқаруды жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін; 100 000 (бір жүз мың) айлық есептік көрсеткіш – "өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар және инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі есебінен қалыптастырылған активтерді	5100	

және сақтанушының инвестицияларға, сақтандыру ұйымы болып табылмайтын инвестициялық портфельді басқарушыға инвестициялық басқаруға қатысу шартын көздейтін сақтандыру шарттары бойынша оларды инвестициялаудан алынған кірістерді (залалдарды) беруді жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін.		
Кепілдік беру қорының ең төмен мөлшері (5000 + осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептің 2-кестесіне сәйкес есептелген, қайта сақтандыруға берілетін (берілген) сақтандыру сыйлықақылары сомасының бір бөлігі + "5100")	7000	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("6000" немесе "7000", ең жоғары шама)	8000	
"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеу		
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін төленген жарғылық капитал	111	
Артықшылық берілген акциялар	112	
Өткен жылдардағы және ағымдағы жылғы бөлінбеген кіріс	113	
Резервтік капитал, Күтілмеген тәуекелдер резерві және Тұрақтандыру резерві	114	
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызметінің мақсаттары үшін сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағандағы материалдық емес активтер	115	
Алдыңғы жылдардағы орны толтырылмаған шығын	116	
Есепті кезеңдегі орны толтырылмаған шығын	117	
Басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына инвестициялар	118	
Заңның 32-бабына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымы не		

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар тұлғалар болып табылатын тұлғаларға берілген реттелген қарыздар	119	
А аралық жиынтығы ("111" – "112" + "113" + "114" – "115" – "116" – "117" – "118" – "119")	100	
Өтеу мерзімі белгіленген реттелген борыш	201	
Өтеу мерзімі тіркелмеген реттелген борыш	202	
Артықшылық берілген акциялар	203	
Б аралық жиынтығы ("201" + "202" + "203")	211	
Нақты төлем қабілеттілігі маржасының есебіне енгізілетін сома: Егер "211" > 0,5 x ("100" немесе "400", ең аз шама) болса, онда 0,5 x ("100" немесе "400", ең аз шама); егер "211" ≤ 0,5 x ("100" немесе "400", ең аз шама) болса, онда "211"	200	
Нақты төлем қабілеттілігі маржасы ("100" + "200" немесе "15000", ең төменгі шама)	300	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("8000")	400	
Төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі ("300" / "400")	500	

5-кесте. Сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін есептеу

(мың теңгемен)

№	Көрсеткіш атауы	Жол коды	Баланс бойынша сомасы	Ескерілетін көлем	Есептелетін сома
1	2	3	4	5	6
1	Ақша – барлығы, оның ішінде :	11110		X	
	қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта				

1.1	сақтандыру) ұйымы активтерінің сомасынан 1 (бір) пайыздан аспайтын сомада кассадағы ақша	11111		100%	
1.2	жолдағы, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ақша	11112		100%	
1.3	о с ы кестенің 2.1 және 2.2-жолдарында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша	11113		100%	
1.4	о с ы кестенің 2.3-жолында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша	11114		90%	
	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі және				

1.5	орталық депозитари йдегі бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы	11115		100%	
1.6	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы	11116		100%	
2	Салымдар – барлығы, оның ішінде :	11120		X	
	бұл банктер акциялары қор биржасының ресми тізімінің "				

2.1	Негізгі" алаңының " акциялар" секторы " премиум" санатына енгізілген немесе қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде тұрған эмитенттер болып табылады деген талаппен Қазақстан Республика сының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	11121		100%			
	мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республика сының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар : Стандарт энд Пурс ( Standard & Poor's) агенттігінің "В" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас						

2.2

